

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ

Түркістан облысы
Келес ауданы

Бекітемін
Мектеп директоры
Н. Ахмед

«Келісілді» *Е. А.*
Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары: А. Танжаев

«№37 Р. Қошқарбаев атындағы жалпы орта мектебі»
КММ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

Ынтымақ ауылы
2023-2024 оқу жылы

«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры:



Н.Апшев

№37 Р.Қошқарбаев атындағы жалпы орта мектебінің
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» іс-шараларының
жоспары 2023-2024 оқу жылы

№	Іс шараның атауы	мерзімі	түрі	жауапты
1	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қ.Р. Заңымен таныстыру жұмыстары	Қыркүйек	Түсіндірме	Мектеп әкімшілігі
2	«Жемқорлықсыз қоғамға қадам»	Қазан	Дөңгелек үстел	ДТЖО Тәлімгер
3	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз»	Қараша	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер
4	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ»	Желтоқсан	Плакаттар 8-11 сынып	ДТЖО Тәлімгер
5	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес»	Қаңтар	Дөңгелек үстел	ДТЖО Тәлімгер
6	«Жемқорлық індет, жою міндет»	Ақпан	Тәрбие сағаты	Б.Джадигеров
7	Сыбайлас жемқорлық: теориялық негіздері, даму тарихы және түрлері	Наурыз	Баяндама	Тәлімгер
8	«Жемқорлық – қоғам дерті»	Сәуір	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер
9	«Жемқорлықсыз жол: сенімді жол»	Мамыр	Баяндама	ДТЖО

Дайындаған: ДТЖО Б.Юсипов

№ 1 хаттама

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»

Өткізілген күні: 15.09.2023 жыл

Қатысқандар: 45 адам

Күн тәртібі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың жобасын, Әдеп кодексінің жобасын қарау.

2.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» баяндама

Жауапты: директор Н.Ашеев

3.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары»

Жауапты: ДТІЖО А.Таңқаев

4.«Сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттері»

Жауапты: Кәсіподақ комитетінің төрағасы: С.Елемесов

Тыңдалды: Рақымжан Қошқарбаев атындағы жалпы орта мектебінің директоры Ашеев Н.-«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен жиналғандардың бәрін таныстырған мектеп директоры, бұл Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын басқа да адамдардың тиімді жұмысын қамтамасыз ететін сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қатерлер. Мен осы Заңның демократиялық принциптерді кеңейтуге, мемлекеттік органдардағы ашықтық пен бақылауға бағытталғандығына назар аудардым. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидалары атап өтілді: заң мен сот алдында барлығының теңдігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте көмек көрсететін азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ол барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күресуге міндетті екенін хабарлады. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтардың алдын-алу туралы айтылды. Кез-келген нысанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған әңгіме өткізілді.

Сөз алды: мектеп директоры Ашеев Н.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» атты тақырыпта баяндама оқыды. Келесі сөз кезегін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Б.Юсипов мектепте мұғалімдер арасында ақша жинауға жол берілмейтіндігін атап өтті.

Тыңдалды: мектеп директоры: Н.Ашеев- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесімен таныстырып өтті.

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингі;

-сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды;

-сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес»

Мақсаты:

«Сыбайлас-жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.

Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту

Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелесу. Патриоттық тәрбие қалыптасады

Көрнекілігі: слайдтар, плакат, кітаптар, видео

Өткізудің формасы: Тәрбие сағаты

Өткізудің технологиясы мен әдістер: Пікірталас, сұрақ-жауап, видеоролик

Барысы:

1. Ұйымдастыру

Көрме ұйымдастыру:

«Жемқорлық – ғасыр дерті» атты иллюстрациялық кітап

Оқушылардың салған газеттері

2. Кіріспе сөз

Сыбайлас жемқорлық туралы түсінік беру.

3. Тәрбие сағаты:

1-жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті ұстаздар мен оқушылар. Бүгінгі біздің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» атты ашық тәрбие сағатымызды бастауға рұқсат етіңіздер!!!

2-жүргізуші: Бүгінгі біздің ашық тәрбие сағатымыздың мақсаты оқушыларды адал жолмен жүруге, адалдыққа үйрету. Сыбайлас жемқорлық туралы қысқаша мағұлматтар беру. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

1-жүргізуші: Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

2-жүргізуші: Сыбайлас жемқорлық - бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес. Сондықтан, бұл індетке бірлесе қарсы тұруымыз керек.

1-жүргізуші: «Сыбайлас жемқорлық» деген не?

«Сыбайлас-жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «согуптіо» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «согуптіге» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

2-жүргізуші: ҚР «Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы» Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: «...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу».

1-жүргізуші:

Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары:

- қоғамның бақытты болашағын тежейді;
- елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді;
- жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

2-жүргізуші: СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢДАР:

ҚР 37 мемлекет қабылдаған конвенцияға қосыла отырып, 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылдады. Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік –құқықтық актілерде қабылданды

Оларға «Мемлекет қызмет туралы» (1995) және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (1998) ҚР заңдары жатады

- ҚР Қылмыстық кодексінің мадделеріндегі терім пайдалануы
- Комерциялық сатып алу
- Қызмет өкілеттілігін терім пайдалануы
- Билікті немесе қызметтік өкілеттілікті жария пайдалануы
- Паря алу
- Қылмыстық жауапшылық жасау

ВИКТОРИНА

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңының қабылдануы / 31.10.2003 жылы
«Сыбайлас жемқорлық» деген не? («Сыбайлас - жемқорлық» деген "параға сатып алу", "пара" ретінде "сатып" деген латын сөзінен шыққан ұғымға беріледі)
ҚСЗЖБ деген не? (Мемлекет қызметін және саяси қызметін атқаратын, жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін тәртіп ережелерінің жиынтығы)
Зан деген не? (Мемлекеттің ең жоғарғы билік органы бұйрықпен шығарған, қабылдаған ең жоғарғы күші бар нормативтік актісі. Бұрық заңдар және заңға тәуелді нормативтік актістердің Конституцияға сәйкес болуын заңның үстемдігі дейді)
Қылмыстық Кодекстің 166-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамға бұрын жасаған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін сыйақы немесе құны неше айлық есептік көрсеткіштен аспайтын бұла қылмыстық жауапкершілікке жатпайды? (2 айлық есеп)
Паря беру дегеніміз не? (қандай да бір коммерциялық келісімге келу үшін немесе жеке пайдасы үшін жасалған ынталандыру немесе марапаттау)

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін қандай жауапкершілік көзіделген? (Сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін жазаның түрі мен мөлшері жасалған қылмыстық әрекеттің қауіптілігі деңгейі мен келтірілген залалына байланысты болады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі)

Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн қашан жарияланды? (2003 ж 9 желтоқсан)
"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қ қымыл туралы" заң қашан қабылданды? (18.11.2015 жылы)
БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Конвенциясы қашан қабылданды? (31.10.2003ж.)

2- жүргізуші. Слайдпен жемқорлыққа байланысты мысалдар келтіру:

1. Мұғалімге мерекелерде гүл шоқтарын сыйлау жемқорлыққа жатады ма?
 2. Емделіп болған науқас дәрігерге өзінің алғысын белгілі - бір сыйлықты (гүл, сағат,портрет) сыйласа жемқорлыққа жатады ма?
 3. Жоғарғы оқу орындарында білім алушылар, емтихан уақытында оқытушыларына үстел жасаса, бағалы сыйлық әперсе жемқорлыққа жатады ма?
 4. Қала шіндегі автобустардың кейбіреулері теңдер ұтып алады да, қала ішінде жолаушыларды тасымалдау барысында көптеген қателіктер жасап жатады. Мысалға автобуска адамдарды санынан артық отырғызу, аялдамасы жоқ жерлерде тоқтап, адамдарды үсті - үстіне алу жемқорлыққа жата ма? (шофер, басқарушы директор, инженер арасындағы сыбайластық жемқорлықты көрсету) «Шелектің бетін жалындыр тұтылады, түбін жалаған тұтылады» деген мақалдың осыған қатысты екенін дәлелдеу
 5. Нашқорлық дамып бара жатыр, себебі шетелдерден әкеледі, кейбір кедендер өз жұмыстарын жауапты орындамай, заң бұзушылыққа барады. Бұл жемқорлыққа жата ма?
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі барлық алынған білімдері бойынша, әр топқа жеке тапсырма беріледі, тапсырманы сахналау керек.
- 1 жағдай: Колледж оқытушысы емтиханда сізді үшінші рет құлатты. Өзінің барлық келбетімен, пара беруіңізді сұрайды. Сіздің әрекетіңіз.
- 2 жағдай: Сізге, қызмет жетекшісіне, заңнамаға сәйкес емес арнайы қызмет үшін ақшалай көмек ұсынады. Сіздің әрекетіңіз.
- 3 жағдай: Ыстық жақта демалу үшін, сізге жедел түрінде шетелдік құжат қажет. Брак оны бір айдан кейін алаласыз. Сіздің әрекетіңіз.

1989 жылы әлемнің дамыған 37 мемлекеті халықаралық бизнестегі жемқорлыққа қарсы күресу туралы конвенцияға қол қойды.

2-оқушы

Қазақстан осы конвенцияға қосыла отырып 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы заң қабылдады.

3-оқушы

Жемқорлық латынша сатып алу. Мемлекеттік басқару құрылымындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерінің жеке бастарының пайдасы мен мүдесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері.

4-оқушы

Жамандыққа тосқауылды қояйық, Пара алғанның жолы жабыққой анық, «Қазақстан-2050»-айқын жол, Күресейік, жемқорлықты жояйық.

5-оқушы

Әр ата-ана өнеге берсін балаға,
Тәрбиесіз шоқ жұлдыздың жанама,
Адалдыққа, даналыққа үйретсең,
Жолдан таймас ар болған соң санада.

6-оқушы

Пара алғандар темір тордан әрі асар,
Алса да оны мойындамай санасар,
Беделі кетіп, қайыры қашып ортадан,
Мәнді өмірі енді қайтіп жарасар.

7-оқушы

Қазақ елі байтақ болсын десеңіз,
Жемқорлықтың жолын бірге кесеміз,
Сонда ғана жер гүлденер, ел байып,
Сонда ғана шарықтаймыз, өсеміз.

8-оқушы

Егеменді өсер елде тұрам Мен,
Білдіремін сезімді жыр-әнмен.
Жолыменен Елбасының жүрейік,
«Жемқорлыққа жол жоқ»-деген ұранмен.

Сабақты қортындылау:

Ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылдық. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығыменен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жана жолын таңдап, уақытты туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол – Президентіміз Қ.К.Тоқаевті бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы.
Құрметті оқушылар әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсаты нәтижелерге жету үшін мүмкіншіліктеріңмен жетуге тырысындар.



№37 Р.Қошқарбаев атындағы жалпы орта мектебінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 11 сынып оқушыларына «Жемқорлықсыз қоғамға қадам» тақырыбында ұйымдастырылған дөңгелек үстел

№2 хаттама

Тақырыбы: «Жемқорлықсыз қоғамға қадам»

Өткізілген күні: 12.10.2023 жыл

Өткізілген түрі: дөңгелек үстел

Қатысқандар: 35 адам

Күн тәртібі

«Сыбайлас жемқорлық деген не, онымен қалай күресу туралы қағидалары»

Кәсіподақ төрағасы: С.Елемесов

Тыңдалды: Кәсіподақ төрағасы: С.Елемесов Жемқорлық (лат. Corruptio-сатып алу)-мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасалған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекет.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай қайсын да қатты алаңдататыны анық.

Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары:

- қоғамның бақытты болашағын тежейді;

-елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді;

-жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіретіні туралы айтып өтті.

Тыңдалды: Н.Құдайбергенов -сыбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді. Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу мен қабылдау басымдық болуы тиіс екендігі туралы тоқталып кетті.


Сөз алды: мектептің педагог-психологы Алжан Ж- сыбайлас жемқорлық еліміздің экономикасына кері әсерін тигізіп, үлкен мәселеге айналып жатқанын, әрбір азамат өз құқығын және барлық заңдарды жақсы білу керектігі жайлы айтып айтты.

Шешімі:

1. Мектеп оқушыларымен өткен «Жемқорлықсыз қоғамға қадам» атты дөңгелек үстел қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан қарай жандандырылсын.

Жиналыс төрағасы:  Н.Ашеев

Хатшы:  Н.Абдукаримова





ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Тақырыбы: "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес"

Дайындаған: Ұ. Алшынбек

Тақырыбы: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес.

Мақсаты:

1. Сыбайлас жемқорлық деген не екенін, онымен күресу жолдары жөнінде негізгі түсінік қалыптастыру арқылы білімдерін толықтыру;
2. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту; дүниетанымдарын кеңейту;
3. Патриоттық, адамгершілікке тәрбиелеу;

Түрі: Дөңгелек үстел

Әдісі: пікір алмасу, баяндау, сұрақ-жауап

Көрнекілігі: бейнематериал "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ" тақырыбында, таратпа буклеттер

Дөңгелек үстелдің барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Баяндама жасау.
3. Презентация қорғау

Құрметті оқушылар! Бүгінгі біздің дөңгелек үстеліміздің тақырыбы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес". Осыған орай барлығымыз назарымызды экранға аударып, бейнематериалға байланысты өз ойларымызды білдірейік.

Ортаға салған пікірлеріңізге рахмет, енді сыбайлас жемқорлық дегеніміз не? Оның қағидалары және онымен қалай күресуге болады деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік. Ол үшін дөңгелек үстелімізге қатысушылардың баяндамаларын тыңдайық.

Көбей Ақтілек.

"Сыбайлас-жемқорлық" деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны "параға сатып алу", "пара" ретінде, "согиптио" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ "согиптиге" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда "сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу" деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Ботабек Дәуіт

ҚР "Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы" Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: "...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу".

Сеисенбай Ережеп Сыбайлас-жемқорлық кінәсі тағылған шенеулік қарсы іс-әрекет жасауы мүмкін, сондықтан өз заңдылығын мойындату үшін заң жағынан нық болған дұрыс.

Сонымен қатар, салық басқармасының ғимаратында, есептілік қабылдайтын Орталықта қызметкерлерге бақылау жасау үшін бейне жазбалар түсірілетін камералар және ұсыныстар мен шағымдарға арналған кітапшалар мен жәшіктер орналастырылған.

Маканбет Д

Жемқорлыққа мыналар жата ма?

1. Мұғалімге мерекелерде гүл шоқтарын сыйлау жемқорлыққа жатады ма?

2.

гаргы оқу орындарында білім алушылар, емтихан уақытында оқытушыларына үстел жасаса, бағалы сыйлық әперсе, жемқорлыққа жатады ма?

Неліктен?

Кучкар Сымбат

Жасыратыны жоқ сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды, себебі бұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Өкінішке орай, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты-бармақ басты әдет әлі де болса қалмай келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Кеңестер одағы кеңістігінде алғаш рет «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылдады, бұл заң жобасы арқылы жемқорлыққа қарсы күрестің негізі принциптерін анықтап, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтардың және оған байланысты жауапкершіліктің артылуының түрлері анықталды.

Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу - жалпыға ортақ міндет.

Тағайбек Нұрасыл:

Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келеді.

Жетписбай Р:

Қазақстанда экономиканы жандандыру және ауқымды әлеуметтік түрлендіру жағдайында мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған заманауи әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланысқан бүтіндей стратегияның қажеттілігіне анық көз жеткізілді.

Осыған байланысты 2014 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді.

Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа кез-келген жемқорлықтың туындауына «нөлдік» төзімділік таныту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Бахритдин Ардақ:

Стратегиямен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары мынадай:

- мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар қолдану;
- қоғамдық бақылау институттарын енгізу;
- мемлекеттік сыңайлы және жеке меншік секторларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау;
- құқық қорғау және сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Осы бағыттар шеңберінде «сыбайлас жемқорлық» ұғымын қайта қарастыруға және жемқорлық құқықбұзушылықтар арасына нақты шек қоюға, мемлекеттің тіршілігіне азаматтық бақылау жүйесін құру және енгізуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ азаматтардың көпшілік ақпаратқа еркін рұқсат алуын қамтамасыз ететін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы», «Қоғамдық бақылау туралы», «Көпшілік ақпаратқа рұқсат туралы» жаңа заңдары дайындалып, қабылданатын болады.

Алшынбек Ұ: бейнематериалға назар аудару арқылы еліміздегі сыбайлас жемқорлық қандай салаларда басым екеніне назар аударып, ой бөлісіп, бүгінгі тақырып аясында қорытынды жасасақ.

«№37 Р.Қошқарбаев атындағы жалпы орта мектебі» КММ

Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз" сынып сағаты

7 – 9 сыныптар



"Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз" тақырыбында сынып сағаты.

Мақсаты: Оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру.

Сынып: 7 – 9 сыныптар

Сынып жетекшілер:

Мек. дир: *Б.Юсипов*
Б.ЮСИПОВ